



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Монотеизмнің Исламдағы жандануы





Дәрістің мақсаты: Исламдағы барлық шынайы діндердің бірлігі туралы идеяны және ондағы басқа діндердегі пайғамбарларға деген құрметі туралы білу.

Таухид. Трансцендентті Құдайды тану мүмкін емес, тек қана Құдайды біздің әлемдегі белгілері мен құбылыстарынан ғана тани аламыз. Ең маңызды белгі ол әрине – Құран. Алайда қоршаған орта да – бір белгі, өзінше кітап түрі. К. Армстронг былай айқындатады: «Құдай хақында тек қана табиғаттағы «белгілерден» бір нәрселер сезе аламыз; ол соншалықты биік, ол туралы тек «баян» арқылы айта аламыз. Осылайша, Құран үнемі мұсылмандарды қоршаған әлемді Құдайлық көріністің (эпифания) орны ретінде тануға шақырады.

Құран әрқашан Құдайдың «белгілерін» және «жолдауларын» түсіндіруде ақылдың рөліне басты назар аударады. «Табиғаттың нышандары (аят) мен Құран аяттары төңірегінде ой толғап, мұсылмандар Құранда Құдайдың Жүзі (уәжб'уллаһ) деп келетін иләһи әлемнің дүниеге арналған сипаты жайында пікір қозғай алады. Алдыңғы екі діндегі сияқты Ислам да Құдайды тек іс-әрекеті арқылы біле алатынымызды меңзейді», – деп түсіндіреді Карен Армстронг.

Пайғамбарлық. Исламның алғашқы шарты уақыт өте келе аш-шахада мұсылмандық иманның символы болды: «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі». Бұл тек қана Алланың бар екендігін мақұлдау ғана емес, сонымен қатар, Алланы жалғыз шынайы Ақиқат деп мойындау. Тек шынайы Ақиқат – Ол, сұлулық пен кемелдік Оған тән: Шахада мұсылмандардың Құдайды мұрат қылып, тіршілігінің негізі ретінде тануларын талап етеді.

Исламдағы әйел теңдігі. Кареннің айтуы бойынша: «Қазір Батыс жұртында Исламды бейне бір әйел затын бұрыннан жек көретін дін сияқты сипаттайтын көзқарас орныққан. Бірақ Алланың діні де христиандық сияқты әуелде әйел затына жайлы қараған. Исламға дейінгі жәһилет (надандық) дәуірінде «Кіндік кезеңге» дейін салтанат құрған әйелдерге деген теріс көзқарастың тамыры Арабияда тереңге кеткен еді. Мысалы, көп әйел алу кең тараған болатын. Тұрмысқа шыққан қыздың өзі әкесінің үйінде тұра беретін. Ақсүйек әйелдерде ғана біраз бедел мен билік болды.

Құран түсіндірмелері: ақыл мен нақыл. К. Армстронг «Мұсылмандар Ислам арабтарға ғана түскен дін деп түсінетін. Ал Аббасидтер кезінде халифтер басқа жұрттың Исламға өтуін қош көрді. Мұсылмандар өздерін Құдайдың қалауына сәйкес әділетті қоғам құруға міндеттіміз деп білді. Сол себепті де үмбетке ерекше қасиетті сипат дарытуға тырысты. Үмбет деген адамзатты әділетсіздік пен езгіден құтқаруға арналған және Құдайдың өзі үмбеттің сондай әрекетіне шапағатын төгіп тұрушы қасиетті «белгідей» қарайды.

Таухид (араб. «бір құдайлық, монотеизм») – Алланың барлығы мен бірлігін білдіретін исламдық термин.

Хадис – Умманың түрлі өмір тұстарын қамтитын Мұхаммед пайғамбардың сөздері мен іс-әрекеттері туралы аңыздар.

Сүнна (араб. «салт, үлгі») – барлық уммаға және әрбір мұсылманға Мұхаммед пайғамбардың үлгілі өмірін айтатын, мұсылманның қасиетті аңызы. Сүнна Ислам құқығының Құраннан кейінгі екінші бастауы болып табылады. «Хадис» және «сүнна» терминдері бір-біріне жақын, бірақ хадис Пайғамбардың өмірінің жеке, бір оқиғаларын бейнелейді.

Суннизм – Суннаны негізге алған исламдағы ең көп санды бағыт.

Шариғат – Құран мен сүннаға негізделген мұсылмандық діни, құқықтық, тұрмыстық ережелер жинағы.

Шиітер (араб. «ұстанушы, ерушілер») – Мұхаммед пайғамбардың немере інісі және күйеу баласы Әли Ибн Әбу Тәлиб пен оның ұрпақтарын жалғыз заңды және рухани мұрагері деп таныған, әртүрлі қауымды біріктірген исламдағы бағыт.

Мутазалиттер – IX ғ. бірінші жартысында гүлденген, мұсылмандық құдайлық ілімінің алғашқы ірі философиялық мектебінің өкілдері.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар:

1. Мына тақырыптарға диспут ұйымдастырыңдар: адам таңдау еркіндігіне ие ме, әлде оның іс-әрекеттерін және тағдырын Құдай алдын ала айқындап қойған ба? Егер айқындалып қойса, ол үшін жауапкершілік ала ма?



2. Исламды қалыптастырудағы Хадишаның рөлі қандай?
3. Ерте және кейінгі Исламдағы әйелдердің жағдайы қандай болды?
4. К. Армстронг тұжырымдайды: «Егер Мұхаммед буддистер немесе индуистар туралы естісе, онда міндетті түрде Құранға олардың кемеңгерлері туралы енгізер еді... Мұсылмандар Құранда шамандық, Америка үндістері және Австралия аборигендері туралы сыйластықпен айтылуына күмәнданбайды». Осы тұжырымды талдаңыздар.
5. Алланың есімдері кейде бір-біріне кереғар келеді. Мұны қалай түсіндіруге болады?

Бақылау сұрақтары

1. Шахада дегеніміз не? Ол мұсылмандарға қандай талаптар қояды?
2. Хадис дегеніміз не?
3. Шариғат деген не және ол неге негізделеді?
4. Алланың қанша есімі бар?
5. «Таухид» деген не және ол басқа діндерді сыйлаумен қалай байланысқан?
6. Исламның негізгі екі бағыты суннизм және шиизмнің мәні неде?